

**Қосүйеңкі және Кейден ауылдық округтерін уақ мал арасында сарып ауруынан қолайсыз деп шектеу салу туралы**

*Күші жойған*

Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2010 жылғы 27 желтоқсандағы N 919 қаулысы. Қызылорда облысының Әділет департаменті Жаңақорған аудандық Әділет басқармасында 2011 жылы 19 қаңтарда N 10-7-131 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 15 қарашадағы N 1278 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы әкімдігінің 2011.11.15 N 1278 қаулысымен.**

**Р Қ А О е с к е р т п е с і .**

**Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.**

Қазақстан Республикасының "Ветеринария туралы" Заңын, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңын басшылыққа ала отырып және Жаңақорған аудандық аумақтық инспекциясының бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторының 2010 жылғы 13 желтоқсандағы N 299 санды ұсынысының негізінде, Жаңақорған ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Сарып ауруының індетті ошағын жою және сауықтыру мақсатында Қосүйеңкі және Кейден ауылдық округтерінде уақ малдардың басын сарып ауруынан қолайсыз деп жариялап, осы ауылдық округтердің елді мекендерінде **ш е к т е у с а л ы н с ы н .**

2. Қосүйеңкі және Кейден ауылдық округі әкімдері, осы елді мекендердегі уақ мал арасындағы сарыптан сауықтыру іс-шарасының орындалуын қамтамасыз **е т с і н .**

3. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау аудан әкімінің орынбасары А. **Н а л и б а е в қ а ж ү к т е л с і н .**

4. Осы қаулы алғаш ресми жарияланғаннан күнтізбелік он күннен кейін қолданысқа енеді.

*Жаңақорған ауданының әкімі*

*Б. Еламанов*